

Қазақстан Республикасы Жоғары оқу орындарының студенттері арасында базалық жоғары оқу орындарында Республикалық пәндік олимпиаданы ұйымдастыру және өткізу жөніндегі ұсынымдар

1. Осы ұсыным Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындарының студенттері арасында Республикалық пәндік олимпиаданы (бұдан әрі - республикалық олимпиада) ұйымдастыруды және өткізуді реттейді.

2. Олимпиада болашақ мамандардың ерекше кәсіби қабілеттерін дамытуды анықтау мақсатында Республикалық студенттік олимпиадалар шеңберінде өткізіледі және талантты студент жастарды қолдау факторларының бірі болып табылады, сондай-ақ республикалық және халықаралық олимпиадаларға қатысуға команда қалыптастыру үшін.

3. Олимпиаданың негізгі мақсаттары мен міндеттері:

1) студенттердің оқу-танымдық және оқу-зерттеу қызметін ынталандыру;

2) студенттердің кәсіби-жеке әлеуетін, олардың өзін-өзі тануын, шығармашылық қабілеттерін ашу, өзін-өзі жүзеге асыру және өзін-өзі растау үшін жағдайлар жасау;

3) студенттердің азаматтық ұстанымын тәрбиелеу;

4) ең талантты және дарынды студенттерді іріктеу және қолдау;

5) білім беру жүйесін жетілдіруге белсенді кәсіби қатынасты қалыптастыру.

4. Республикалық олимпиада 2 кезеңде өткізіледі:

1) бірінші кезең-ЖОО ішіндегі;

2) екінші кезең - базалық жоғары оқу орындарында.

5. Олимпиаданың I кезеңіне жоғары білім берудің басым бағыттары мен мамандықтары бойынша жоғары оқу орындарының студенттері қатыса алады.

6. ЖОО ректоры (проректоры) олардың құрамына жетекші ғылыми ұйымдардың, өнеркәсіптік кәсіпорындардың, жергілікті атқарушы органдардың өкілдерін қоса алғанда, олимпиаданың тиісті бөлімдері бойынша конкурстық комиссиялар ұйымдастырады.

7. Олимпиаданың (ЖОО ішіндегі) I кезеңінің қорытындысы бойынша ректордың бұйрығымен бекітілетін ЖОО-ның конкурстық комиссиясы Конкурстың II кезеңіне қатысу үшін ЖОО-ның ұздік студенттерін конкурстық негізде іріктеиді және базалық ЖОО-ға жібереді.

8. Республикалық олимпиаданың II кезеңіне қатысу үшін студенттердің ұсынған кезде жоғары оқу орны базалық ЖОО ға мынадай құжаттарды жібереді:

1) олимпиаданың бірінші кезеңінің қорытындылары туралы ректордың (проректордың) қолы қойылған хат, ол хаттамамен ресімделеді.

9. Базалық жоғары оқу орындарында олимпиаданы өткізу мерзімі – **ағымдағы оқу жылышының ақпан-мамыр айлары.**

10. Базалық ЖОО ның конкурстық комиссиясы жулдегерлерді мараматтауға мынадай тәртіппен ұсынады:

1-ші орын үшін - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің I-ші дәрежелі дипломымен (бір студенттен артық емес);

2-ші орын үшін - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым

министрлігінің II-ші дәрежелі дипломдарымен (екі студенттен артық емес);

3-ші орын үшін - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің III-ші дәрежелі дипломдарымен (үш студенттен артық емес).

11. Олимпиаданың II кезеңінің женімпаздарын айқындау жөніндегі респубикалық комиссияның шешімі оның барлық мүшелерінің қолы қойылған тиісті хаттамамен (әрбір мамандық бойынша жеке) ресімделеді.

12. Мамандық бойынша келесі Респубикалық олимпиада студенті тиісті мамандық бойынша бірінші орын алған ЖОО базасында өткізіледі.

Егер осы 1 орын ағымдағы жылы Олимпиаданы өткізген базалық ЖОО студентіне берілсе, онда келесі конкурс ЖОО базасында өткізіледі, оның студенті жүлделі бірінші орыннан кейін келесі орынды иеленді. Егер екі студент жүлдегер атанса, келесі олимпиаданы өткізу құқығына студенттің басым балдары бар ЖОО ие болады.

13. 1, 2, 3 орын алған респубикалық олимпиаданың жүлдегерлері Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің I, II, III дәрежелі дипломдарымен марапатталады.

14. Жоғары оқу орнының басшылығы ЖОО қаражаты есебінен олимпиада женімпаздарын көтермелеу жөнінде шараптар қабылдауы мүмкін.